

**«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

24.12.2025ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, медицина қызметкері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша медицина қызметкері А.Абдирахманова балалардың тамақтануын ұйымдастыру туралы баяндады. Ас мәзірі санитариялық талаптарға сәйкес жасалып, күнделікті бекітілетіні, тағамдардың сапасы мен сақтау мерзімі тұрақты бақылауда екені айтылды. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес теңгерімді тамақтануы қамтамасыз етілетіні, азық-түлік өнімдерінің сапасына күнделікті бақылау жүргізілетіні жөнінде ақпарат берілді.

2. Екінші мәселе бойынша медицина қызметкері А.Абдирахманова балабақшада жүргізіліп жатқан науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары туралы баяндама жасады. Балалардың күнделікті таңертеңгі сүзгісі жүргізілетіні, денсаулық жағдайына бақылау жасалатыны, бөлмелердің желдетіліп, ылғалды тазалау жұмыстары уақытылы орындалатыны айтылды. Сонымен қатар дене шынықтыру, шынықтыру шаралары, ата-аналармен түсіндіру жұмыстары тұрақты ұйымдастырылатыны туралы мәлімет берілді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Балалардың сапалы және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын. Ас мәзірінің санитариялық талаптарға сәйкестігіне тұрақты бақылау жүргізілсін. Тағам өнімдерінің сапасы мен сақтау мерзімін бақылау жалғастырылсын.
2. Науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары жүйелі түрде жалғастырылсын. Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізілсін. Ата-аналар арасында балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған ақпараттық жұмыстар жалғастырылсын.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана

Хатшы